23.07.2024-ғы № 21-12/3153 дз шығыс хаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарына

2024 жылғы 20 маусымдағы № ДЗ-272 хатқа

Құрметті депутаттар!

«Equurylys» порталының жұмысына қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңға енгізілген *(2023 жылғы 5 сәуір)* толықтыруларға сәйкес құрылыс процестерінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті орган айқындаған мемлекеттік ақпараттық жүйені қолдану бойынша құрылыс нарығы субъектілерінің міндеттемесі көзделген.

Көрсетілген норма күшіне енгенге дейін нарық субъектілері атқарушылық құжаттаманы электрондық форматта қалыптастыру процесін автоматтандыру бойынша түрлі сервистер мен өнімдерді қолданды *(«Шар Құрылыс» ЖШС, BI Group және басқа ақпараттық жүйелер)*.

Қолданыстағы тәсілдерді біріздiлікке келтіру және саладағы мемлекеттік функцияларды «бір терезе» қағидаты бойынша іске асыру үшін «eQurylys» порталының базасында «ақпараттық шина» құру туралы шешім қабылданды, ол объектілерді салу процестерін цифрландыру жөніндегі бірыңғай алаң болады.

Мұндай тәсіл субъектілердің әртүрлі жеке ақпараттық өнімдер мен сервистер арқылы бірыңғай порталға қосылу мүмкіндігі болған кезде белгіленген ережелер мен құрылыс нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді.

Аталған тәсілді іске асыру үшін Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі «DIGICON» ЖШС-ны тартты, ол өз қаражаты есебінен «eQurylys» порталын қалыптастыру және құрылыс құжаттамасымен толықтыру бойынша сервис әзірлеуге дайын болды.

«EQurylys» порталының өзі Құрылыс және ТКШ істері комитетінің балансында, «ҚазҚСҒЗИ» АҚ атынан мемлекетке тиесілі «kds.equrylys.kz» доменінде орналасқан.

23.07.2024 Копия электронного документа.

Порталды «ҚазҚСҒЗИ» АҚ-ға сенімгерлік басқаруға беру құрылыс саласын жүйелеуде тиісті тәжірибе мен құзыреттіліктің, материалдық және адами ресурстардың дамыған базасының болуымен ақпараттық модельдеу орталығының жұмыс істеуімен негізделген.

Өз кезегінде, «DIGICON» ЖШС әзірлеген және порталды толықтыру бойынша мемлекетке тегін берілген сервис әзірлеушіге тиесілі «equrylys.kz» доменінде орналастырылған.

Бұл жерде «DIGICON» ЖШС болашақта табыс табуды қамтамасыз ету мақсатында осы сервисті болашаққа инвестиция ретінде әзірлегенін ескеру қажет.

Мұндай сервистің жұмысы монополиялық ортада болжанбайтынын атап өту маңызды. Бұл кезеңде ол «eQurylys» порталына интеграциялана отырып жұмыс істейтін алғашқы өнім ғана болып табылады.

Кейіннен кез келген құрылыс немесе цифрлық нарық субъектісі белгіленген талаптарға сәйкес келетін басқа сервисті енгізе алады.

«ҚазҚСҒЗИ» АҚ атына BI Group. Icons, BINECT сияқты компаниялар өз жүйелерін порталға қосу ниетімен жүгінді. Оларға тиісті техникалық талаптар берілді, аталған талаптарға сәйкес келген жағдайда ақпараттық жүйелері қосылатын болады.

Бұл ретте «eQurylys» порталы сәулет-құрылысты бақылау, құрылыс саласының сарапшыларын аттестаттау, объектілерді камералдық бақылау, техникалық қадағалау және т.б. бойынша мемлекеттік функцияларды орындау кезінде тегін болып табылады.

Порталдың тиісінше жұмыс істеуі үшін оның іркілілсіз тұрақты жұмысын үзіліссіз қамтамасыз ету бойынша тұрақты іс-шаралар жүргізілуде.

Жүйеде қолданыстағы заңнамаға сәйкес атқарушылық құжаттаманы ресімдеудің нақты біріздiлігі бар, бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін айтарлықтай төмендетеді және ашықтықты қамтамасыз етеді.

Нарық субъектілеріне консультация беру және оқыту үшін әзірлеуші тұрақты негізде семинарлар өткізеді, колл-орталық және интернет-сайтта чат арқылы тегін негізде техникалық қолдау ұйымдастырылған.

Баға белгілеу мәселелеріне қатысты мынаны хабарлаймыз.

Порталға қосылу тарифін «ҚазҚСҒЗИ» АҚ есептеген және ол құрылыс саласындағы уәкілетті органмен келісілген.

Тарифке порталды ұстау және пысықтау шығыстары кірді, ал пайда табу көзделмеген.

Сервис пен порталды әзірлеуге, ұстауға және дамытуға бюджет қаражатын бөлу көзделмегендіктен, сондай-ақ өзін-өзі ақтау қағидатын және оларды дамыту қажеттігін ескере отырып, атқарушылық құжаттаманы жүргізу бойынша өтеусіз қызметтер ұсыну орынсыз болып есептеледі.

Осыған ұқсас механизмдер басқа салаларда да қолданылатынын атап өткен жөн, атап айтқанда, медицина саласында республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы «ақпараттық шина» болып табылады, оған «DAMUMED», «Надежда» сияқты және басқа да жүйелер қосылған.

Салық салу саласында кәсіпкерлік субъектілерінен деректер жинайтын және Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетіне беретін фискалдық деректер операторлары бар. Олардың операторлары «Қазақтелеком» АҚ, «Транстелеком» және «Билайн» болып табылады. Бұл ретте ай сайын әрбір кассалық аппараттан ақы алынады.

Жүйенің сенімділігін қамтамасыз етуге қатысты порталдың ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталығына қосылғанын, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік бойынша серверлік үй-жайдың талаптарына сәйкес келетінін атап өтеміз.

Бүгінгі таңда портал ақпараттық қауіпсіздікке тексеруден өтті, сондай-ақ «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ талаптарына сәйкестігі туралы хаттамалар алынды.

Порталдың жұмыс істеу мәселелерін заңнамалық реттеуге қатысты Құрылыс кодексінің жобасында мемлекеттік ақпараттық жүйелер арқылы сала субъектілерін ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі міндеттер, сондай-ақ ақпаратты қорғау жөніндегі міндеттемелер көзделгенін хабарлаймыз.

Осы кезеңде өзінің жеке міндеттері, тетіктері мен құралдары бар қолданыстағы ақпараттық жүйелердің белгілі бір санының болуын, сондай-ақ IT саласының қарқынды дамып келе жатқанын назарға ала отырып, ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуі мен саланы цифрландырудың неғұрлым егжей-тегжейлі тәртібі заңға тәуелді актілерде көзделетін болады.

Жалпы құрылыс саласын дамыту және цифрландыру, сондай-ақ «eQurylys» порталының жұмыс істеуі мәселелері Үкіметтің бақылауында.

О. Бектенов

Орынд: С. Жанқалов
Тел: 74 53 50

23.07.2024-ғы № 21-12/3153 дз шығыс хаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

На № ДЗ-272 от 20 июня 2024 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев депутатский запрос относительно работы портала «eQurylys», сообщаю следующее.

В целях обеспечения прозрачности строительных процессов в соответствии с внесенными *(5 апреля 2023 года)* дополнениями в Закон «Об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в Республике Казахстан» предусмотрено обязательство субъектов строительного рынка по применению государственных информационных систем, определенных уполномоченным органом.

До вступления в силу указанной нормы субъектами рынка применялись разного рода сервисы и продукты по автоматизации процесса формирования исполнительной документации в электронном формате *(информационные системы ТОО «Шар Курылыс», BI Group и др.)*.

Для приведения существующих подходов к единообразию и реализации государственных функций в отрасли по принципу «одного окна» было принято решение о создании «информационной шины» на базе портала «eQurylys», которая выступит единой площадкой по цифровизации процессов строительства объектов.

Такой подход обеспечивает соблюдение установленных правил и строительных норм при наличии возможности у субъектов подключаться к единому порталу посредством различных частных информационных продуктов и сервисов.

Для реализации указанного подхода Министерством промышленности и строительства было привлечено ТОО «DIGICON», которое было готово за счет собственных средств разработать сервис по формированию и наполнению портала «eQurylys» строительной документацией.

Сам портал «eQurylys» находится на балансе Комитета по делам строительства и ЖКХ, размещен на домене «kds.equrylys.kz», который

23.07.2024 Копия электронного документа.

принадлежит государству в лице АО «КазНИИСА».

Передача портала в доверительное управление АО «КазНИИСА» обусловлена наличием соответствующего опыта и компетенции в систематизации строительной отрасли, развитой базой материальных и человеческих ресурсов, функционирующим Центром информационного моделирования.

В свою очередь, разработанный ТОО «DIGICON» и переданный безвозмездно государству сервис по наполнению портала размещен на домене «equrylys.kz», который принадлежит разработчику.

Здесь следует учесть, что ТОО «DIGICON» разрабатывал данный сервис в качестве инвестиций на будущее с целью обеспечения в дальнейшем заработка.

Важно отметить, что работа такого сервиса не предполагается в монопольной среде. На данном этапе он является лишь первым продуктом, функционирующим с интеграцией к порталу «eQurylys».

В последующем любой субъект строительного или цифрового рынка сможет внедрить другой сервис, который будет соответствовать установленным требованиям.

В адрес АО «КазНИИСА» обратились такие компании как BI group, Icons, BINECT с намерением подключить свои системы к порталу. Им были выданы соответствующие технические требования, при соответствии которым их информационные системы будут подключены.

При этом портал «eQurylys» является бесплатным при исполнении государственных функций по архитектурно-строительному контролю, аттестации экспертов строительной отрасли, камеральному контролю объектов, техническому надзору и т.д.

Для надлежащего функционирования портала проводятся постоянные мероприятия по обеспечению его стабильной работы без сбоев.

В системе заложена четкая последовательность оформления исполнительной документации в соответствии с действующим законодательством, что значительно снижает коррупционные риски и обеспечивает прозрачность.

Для консультации и обучения субъектов рынка разработчиком на постоянной основе проводятся семинары, организована техническая поддержка посредством колл-центра и чата на интернет-сайте на бесплатной основе.

Относительно вопросов ценообразования сообщаем следующее.

Тариф на подключение к порталу был рассчитан АО «КазНИИСА» и согласован с уполномоченным органом в сфере строительства.

В него вошли расходы на содержание и доработку портала, а получение прибыли не предусмотрено.

Так как на разработку, содержание и развитие сервиса и портала не предусмотрено выделение бюджетных средств, а также учитывая принцип самоокупаемости и необходимость их развития, предоставление безвозмездных услуг по ведению исполнительной документации полагается нецелесообразным.

Следует отметить, что аналогичные механизмы используются и в других

сферах, в частности, в сфере медицины «информационной шиной» выступает республиканский центр электронного здравоохранения, к которому подключены такие системы как «DAMUMED», «Надежда» и другие.

В сфере налогообложения существуют операторы фискальных данных, которые собирают данные с субъектов предпринимательства и передают в Комитет государственных доходов Министерства финансов. Их операторами являются АО «Казактелеком», «Транстелеком» и «Билайн». При этом ежемесячно взимается плата с каждого кассового аппарата.

Касательно обеспечения надежности системы отмечаем, что портал имеет подключение к оперативному центру информационной безопасности, а также соответствует требованиям серверного помещения по информационной безопасности.

На сегодня порталом были пройдены проверки на информационную безопасность, а также получены протоколы на соответствие требованиям АО «Государственная техническая служба».

В отношении законодательного регулирования вопросов функционирования портала сообщаем, что в проекте Строительного кодекса предусмотрены задачи по информационному сопровождению субъектов отрасли посредством государственных информационных систем, а также обязательства по защите информации.

Принимая во внимание наличие только на данном этапе определенного количества действующих информационных систем со своими отдельными задачами, механизмами и инструментами, а также стремительно развивающуюся сферу IT, более детальный порядок функционирования информационных систем и цифровизации отрасли будет предусмотрен в подзаконных актах.

В целом вопросы развития и цифровизации строительной отрасли, а также функционирования портала «eQurylys» находятся на контроле Правительства.

О. Бектенов

Исп: С. Жанкалов
Тел: 74 53 50